



ХҒТАР 16.21.47

Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-153-4-192-202>

Мәмлүк қыпшақтары лексикасының қазіргі қазақ тіліндегі қолданысы («Китаб-и межму-и тержуман-и турки ве ажеми ве мугали» еңбегі негізінде)

Н.Қ. Шалғынбай¹, Г.А. Бегимова*¹, М. Оразбек¹

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: shalgynbai_nurbek@list.ru, gukjik_76@mail.ru, makpal_zere@mail.ru)

Аңдатпа. Қазіргі таңда түркітану саласында қыпшақ тіліне қатысты зерттеулер көптеп жүргізіле бастады. Оның бір себебі қыпшақ тіліне қатысты жазба ескерткіштердің табылмауы және зерттелмеуі. Қыпшақ жазба ескерткіштері түрлі географиялық аумақтарда түрлі елдердің жазуымен таралды. Қыпшақ тілі орта ғасырларда халықаралық тіл қызметін атқарды. Қыпшақ жазба ескерткіштерінің бір тобы мәмлүк қыпшақтарына қатысты болып келеді. Олар негізінен араб әріптерімен жазылып, негізінен Мысыр мен Сирия жеріндегі жергілікті халықтарға арналған болатын. Мұндай жазба ескерткіштерінің қатарында сөздіктер, грамматикалық анықтамалықтар, оқу құралдары болды. Олардың жазылу себебі жергілікті халыққа қыпшақ тілін үйрету болатын. Мемлекетте мәмлүк қыпшақтарының саяси билікті иеленуі қыпшақ тіліне деген қажеттілікті тудырды. Қажеттілікте байланысты еңбектер жазылды. Олардың бір тобы жоғалып кетсе, кейбірі сақталып бізге жетіп отыр. Қазіргі таңда түркі тілдерінің бір тобын қыпшақ тілдері құрайды. Қыпшақ халықтарының ұлтқа бөлінісі бірнеше ұлттық тілдердің де пайда болуына алып келді. Қазіргі қазақ тілінің байырғы лексикасы бірнеше қабаттан тұрады. Қыпшақ тілі лексикасы қазіргі қазақ тілінің негізін құрайтын қабат. Оның зерттелуі қазіргі қазақ тілінің даму тарихын сипаттап береді. Сонымен қатар орта ғасырлардағы қыпшақ тіліне қатысты ескерткіштер тілі толық зерттелмеген. Оларды ғылыми айналымға енгізу кеш іске асырылып келеді. Қазіргі таңда аталған тарихи мәтіндер өзінің құндылығымен және бейтаныс құпияларымен назар аудартып отыр. Тарихи мәмлүктік қыпшақ жазба ескерткіштерінің қазіргі қазақ тілі тұрғысынан зерттеулі маңызды болып саналады.

Түйін сөздер: қыпшақтану, қыпшақ тілі, мәмлүк қыпшақ жазба ескерткіштері, қазіргі қазақ тілі, лексика.

Кіріспе

Орта ғасырлардағы қыпшақ халықтары мен қазіргі қыпшақ тілдері тобына қатысты зерттеулер түркітанудың ішінде қыпшақтану саласын қалыптастырады. Қыпшақтану тарихи тұрғыдан әрі қазіргі тіл білімі тұрғысынан маңызды салаға айналды. Қыпшақ

Түсті: 03.05.2025; Мақұлданды: 25.11.2025; Онлайн қолжетімді: 30.12.2025

жазба ескерткіштері орыс, армян, араб жазуларымен және басқа да таңбалармен жазып қалдырылған. Олардың ауқымды бөлігі араб жазуымен жазылған мұралар. Ғылымда олар мәмлүк қыпшақтарының жазба ескерткіштері деп аталады. Қазақ тіл біліміне мұндай ескерткіштер белгілі болғанымен оларды жинақтау, қазақ тіліне аудару, тілдік тұрғыдан зерттеу істері толық жасалмай келеді. Толықтай зерттелмеген мәмлүктік қыпшақ ескерткіштерінің бірі - «Китаби-и межму-и тержуман-и турки ве ажеми ве мугали». Еңбектің жазылу мақсаты Мысырдағы араб халқына қыпшақ тілін меңгерту болып саналады. Еңбектің бұрынғы тәжірибені ескеріп жазылғандығы, әдістемелік жағынан ізденіс жасалғандығы, сөздік қорды барынша жинақтағандығы оның негізгі артықшылығы болып саналады. Бұл еңбек өз заманында грамматикалық оқулық әрі көп тілді сөздік қызметін атқарған. Қыпшақ лексикасының қазіргі қазақ тіліндегі сақталуы мен қолданысын талдау үшін еңбектің сөздік бөлімін нысан етіп белгілеуіміз қажет. Еңбектің сөздік бөлімінде халықтың тұрмыс-тіршілігіндегі маңызды салаларға қатысты сөздер жинақталған. Түркі тіліне қатысты қыпшақ және оғыз диалектілері кездеседі. Сөздік қордың қазақ тілінде сақталып, қазіргі таңдағы қолданысы да әртүрлі. Оларды лексика-семантикалық топтарға жіктей отырып, талдау жүргізу маңызды.

Көне қыпшақ тілі орта ғасырларда Орталық Азия жерін мекен еткен жергілікті тайпалардың тілі болғандығы белгілі. Қыпшақ тайпаларының әртүрлі елдер құрамында болуына, саяси-әлеуметтік, мәдени орталықтарға қатысына қарай ғылыми еңбектерде Орта Азия қыпшақтары, Алтын Орда қыпшақтары, Қырым қыпшақтары, Қазақстан қыпшақтары секілді шартты атаулар да қолданылып жүреді [1, 45]. Олардың тілі ерте орта ғасырда өмір сүрген көне қыпшақ тілі болып саналады. Қазіргі таңдағы қыпшақ тілдер тобы орта ғасырлардан бері қарай көне қыпшақ тілінің негізінде пайда болды деуге болады. Қыпшақ тілі жөніндегі алғашқы ғылыми пікірлер М. Қашқари еңбегінде кездеседі [1, 45]. Ол қыпшақ тілінің грамматикалық ерекшеліктерін көрсете отырып, қыпшақ лексикасының мысалдарын ұсынған. Тіл қолданысы мәселесіне келсек, қыпшақ тілі кең таралған тіл ретінде танылған.

Қыпшақ тілінде тараған тарихи жазба ескерткіштердің географиялық ауқымы да кең. Қыпшақ мұраларын ғалымдар бірнеше топта қарастырады. Ғ.Айдаров, Ә.Құрышжанов, М.Томанов сияқты ғалымдар қыпшақ ескерткіштерін қандай жазумен жазылғандығына қарай бес топқа бөлген. Оларға XIII-XIV ғасырларға тиесілі ежелгі готикалық көне әріппен жазылған ескерткіштер, XI-XIV ғасырлар кезеңінде араб әліпбиімен жазылған ескерткіштер, XV-XVI ғасырлар шенінде армян жазуларымен берілген ескерткіштер, XI-XIII ғасырларға қатысты орыс әрпімен жазылған ескерткіштер және Шығыс Еуропа жеріндегі халықтардың тілдерінде сақталған, сол елдердің жазуымен беріліп жүрген әр деңгейдегі материалдар, кісі аттары, жер-су атаулары сияқты сөздер жатады [1, 45]. Аталған топтардағы жазба ескерткіштердің басым көпшілігінің авторлары басқа халықтардың өкілдері болған десек те болады. Дегенмен кей араб тіліндегі мұралардың жазушылары қыпшақ болуы мүмкін. Жазба ескерткіштердің бірыңғай келуі белгілі бір мәдени орталыққа тән екенін білдіреді. Географиялық аумақ, атау, ортақ саяси-әлеуметтік орта, тіл жазба ескерткіштерін жүйелеп топтауға мүмкіндік береді. Соған байланысты ғалымдар Ғ. Айдаров, Ә. Құрышжанов, М. Томанов өз жіктелімінде қыпшақ тіліне байланысты туған ескерткіштерді куман қыпшақтары тіліндегі ескерткіштер, половец қыпшақтары тіліндегі ескерткіштер, Алтын Орда қыпшақтары тіліндегі ескерткіштер, мәмлүк қыпшақтары тіліндегі ескерткіштер ретінде қарастырған.

Түркі тілдерін салыстыра зерттеу мен сөздік жасау ісі М. Қашқари кезеңінен кейін мәмлүк қыпшақтарында орын алған деуге болады. Мәмлүк қыпшақтарының кезеңінде өзге ұлт өкілдеріне тіл үйрету ісі де қолға алынғанын еңбектерден қарауға болады. Мұндай грамматикалық және лексикографиялық еңбектер қазақ тіл білімі тұрғысынан зерттеу нысанына айналмай келеді. Мәмлүктер этникалық жағынан әркелкі болғанымен, олар қыпшақ сұлтанына бағынып, қарым-қатынас құралы ретінде қыпшақ тілі қолданылған [2, 9]. Осындай себептерге байланысты қыпшақ тілі мемлекеттік және халықаралық тіл қызметін атқара бастады. Қыпшақ тілін үйренуге деген талап жоғарылайды. Мәмлүктер иелігінде болған жерлерде қыпшақша-арабша, қыпшақша-парсыша, қыпшақша-парсыша-моңғолша сөздіктер жасалып, қыпшақ тілін үйретуге арналған грамматикалық оқулықтар жазылады.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Орта ғасырларға тән «Китаби-и межму-и тержуман-и турки ве ажеми ве мугали» еңбегі қыпшақ тілі лексикасын танытатын негізгі жазба ескерткіштің бірі. Қыпшақ жазба мұралары дәуірі мен жазуы, құрылымы мен жазылу уәждемесі жөнінен айырмашылық жасайды. Ескерткіштің сипаты мен тарихи орнын, кезеңі мен құрылымын танытуда Ғ. Айдаров, Ә. Құрышжанов, М. Томановтардың ғылыми жіктемі негізге алынады. Еңбектің сөздік бөлімі көп тілді тізімнен тұрады. Сондықтан А. Н. Гаркавецтің аударма басылымына сүйенеміз. Жазба ескерткіштің сөздік қорын талдау үшін лексика-семантикалық топтарға жіктеуіміз шарт. Қазіргі қазақ тілі мен қолданысын талдау үшін бірліктерді салыстыра қарауымыз керек. «Китаби-и межму-и тержуман-и турки ве ажеми ве мугали» ескерткішінің лексикалық қорын таныту үшін қыпшақ тілі мен қазіргі қазақ тілін салыстыру, тілдік бірліктерді сипаттау және мағыналық тұрғыдан сипаттау әдістері қолданылады.

Нәтижелер мен талқылаулар

«Китаби-и межму-и тержуман-и турки ве ажеми ве мугали» еңбегінің лексикалық қорына талдау жасау негізінде бірнеше лексика-семантикалық топ жіктелді. Олар: 1) адам, адам ағзасына қатысты және адам сипатына қатысты сөздер; 2) туыстық атаулар мен әлеуметтік мәртебеге қатысты сөздер; 3) сан есімдер мен санау жүйесіне тән бірліктер; 4) уақыт өлшемдеріне байланысты сөздер; 5) жануарлар мен аң атаулары; 6) түр-түс атаулары.

Қыпшақ тілі лексикасының қазіргі қазақ тілінде сақталуы жөнінен адам және оның ағзасына қатысты сөздер, сан және санау жүйесі, уақыт өлшемдері, жануарлар мен аң атаулары, түр-түс атаулары басымдыққа ие. Адам сипаты және әлеуметтік мәртебеге қатысты сөздердің басым бөлігі қазіргі қазақ тілінде сақталған дей алмаймыз.

Қыпшақ тілі мен қазіргі қазақ тілінің лексика-семантикалық тұрғыдан өзгешелігі түр-түс атауларынан білінеді. Түр-түс атаулары негізінен қыпшақ тілінде реңк атауы емес, жылқының сипаты ретінде басым қолданылған. Ал қыпшақ тілі мен қазіргі қазақ тілінің лексикасы тығыз байланыстылығын дене мүшелері арқылы жасалған өлшем атаулары, саны жағынан көп болып келетін дене мүшелерінің көпше түрде берілуі, түр-түс атауларының күшейтпелі шырайда берілуі, басым көпшілік сөздердің түбірінің сақталуы және тағы басқа да құбылыстар дәлелдейді.

Мәмлүк қыпшақтарына тиесілі ауқымды грамматикалық оқулық әрі сөздік «Китаби-и межму-и тержуман-и турки ве ажеми ве мугали» жазба ескерткіші саналады. Ғалымдар Ә. Қайдар және М. Оразов «Китаби-и межму-и тержуман-и турки ве ажеми ве мугали» ескерткішін бір данасы сақталған және авторы белгісіз болып келген мұралар қатарына қосқан [3, 26]. Сол жалғыз нұсқа Голландияның Лейден кітапханасында сақталған. Сондықтан осы еңбекті голландиялық ғалым М. Т. Хоустма 1894 жылы жария еткен болатын. Қазіргі таңға дейін осы еңбек жайлы айтылып келген тұжырымдар осы жарияланымға сүйенілген болатын. Осы басылым бойынша, Б. Флемингтің тұжырымдауы бойынша еңбек 1343 жылы 25 қаңтар күні жазылған. Мұсылмандардың жыл санауына сәйкес хижралық 743 жылы шабан айының 27 күні жазылуы аяқталған деп көрсетілген [3, 26]. Ескерткіштің авторы ретінде Халил ибн Мухаммад ибн Исуф ал-Коневи жазылған. Бұл мәселеде ғалымдардың арасында осы тақырып жөнінде дау туып, пікірлері бір арадан шыға бермейді. Ғалымдардың бірі Халил ибн Мухаммад ибн Исуф ал-Коневиді көшіріп жазушы адам деп атаса, бір тобы оны ескерткіш авторы деп санайды.

Аталған еңбектің зерттелуі қыпшақтану саласын толықтырады. Қыпшақтану – орта ғасырларда өмір сүрген қыпшақ тайпалары мен қазіргі қыпшақ тілдер тобындағы халықтар туралы зерттеулердің жиынтығы. Қазіргі қазақ тілінің лексикалық қорындағы қыпшақ сөздік қорын таныту маңызды. Осы мақсатта «Китаби-и межму-и тержуман-и турки ве ажеми ве мугали» еңбегінің сөздік бөлімін талдауымыз қажет. Сөздікті талдау барысында қыпшақтық және оғыздық диалектінің қатар жұмсалатын жағдайларына мән беруіміз қажет. Мысал келтірсек, қазақ тіліндегі «жаңбыр» сөзі қыпшақ тілінде «уамғир» болса, оғыз диалектісінде «уағтир» түрінде, «найзағай» сөзі қыпшақ тілінде «уағи», оғыз тілінде «yulđırm» нұсқаларымен қатар жүрген [4, 321].

«Китаби-и межму-и тержуман-и турки ве ажеми ве мугали» ескерткішінің сөздік қорында адам және адам ағзасының мүшелеріне қатысты сөздер орын алған. Қыпшақ тілінде адам сөзі «кіші» түрінде берілген. Адам мінезін «қиліқ» деп атаған. Адам дене мүшелері қай тілде болса да байырғы лексиканы құрайды. Бұл тілдегі жай құбылыс емес, себебі адам болмысын тануды өзін танудан және салыстыра танудан бастайды. Қазақ тіліндегі этнографизмдерді жинақтаған ғалым Ә. Қайдар адамның дене мүшелеріне қатысты атауларды адамның сырт тұлғасына байланысты және адамның дене кемістіктері деп қарастырған [5, 196-205]. Сөздікте қамтылған дене мүше атауларының басым көпшілігі дыбыстық өзгеріске түскенімен, қазіргі қазақ тілінде сақталған деуге болады. Мысалы, baş (бас), eñsä (желке), saş (шаш), tulum (тұлым), qulağ (құлақ), köz (көз), kirpik (кірпік), burun (мұрын), ağız (ауыз), erin (ерін), tiş (тіс), saqal (сақал) сияқты сөздер бастапқы мағынасында қазіргі қазақ тіліне сақталған. «Китаби-и межму-и тержуман-и турки ве ажеми ве мугали» жазбасының авторы аталған топтағы сөздердің мағынасын барынша толық беруге тырысқан. Мысал келтірсек, бір ғана barmaq (саусақ) сөзін берумен шектелмей, ulu barmaq (бас бармақ), soq barmaq (сұқ саусақ), orta barmaq (ортаңғы саусақ), adsız barmaq (аты жоқ саусақ), cıclaq (ең кіші саусақ) сияқты саусақ түрлерін санамалай берген. Сонымен қоса саны жағынан көп болып келетін дене мүшелерін көпше түрде берген. Мысалы, «barmaqlar» – саусақтар, «tırnaqlar» – тырнақтар сияқты сөздер көптік жалғауымен берілген. Септік жалғауларының -лар, -лер, -тар, -тер, -дар, -дер қосымшалары арқылы буын үндесіп, фонологияның құрылымында жүйелі түрленуінен морфеманың альтернаттық морфтары қалыптасқан [6, 68]. Ескерткіштің сөздік бөлімінде дене мүшелерінің қатысымен жасалатын өлшем атауларын да осы

топтан көруге болады. Мысалы, сөздік мәтініндегі «adım» – қадам, «құлаш» – құлаш, «қарғи» – қарыс сөздерін атауға болады болады. Қарыс деп бас бармақ пен ортаңғы саусақтың толығымен керілген жеріне сәйкес келетін, саусақ ұштарының аралығын атайды [7, 102]. Бұл өлшем атауы қазақ этнографиясында белгілі ұғымдардың бірі. Адым – жүру кезіндегі екі аяқтың ара қашықтығы яғни қадам [8, 85]. Бұл сөз дәстүрлі өлшем жүйесінің бірі болып, басқаша «қадам» деп те аталады. Құлаш – адам екі қолын екі жаққа жазғандағы ұзындықтың атауы [9, 96]. Бұл сөз тек қазақ тілінде ғана емес, қазіргі түркі тілдерінде де сақталған. Мысалы, қазақ тіліндегі құлаш-құлаш қайталама қос сөзі есепсіз, шексіз деген мағынаны білдіруде қолданылады. Негізінен қазақ тіліндегі дәстүрлі өлшем жүйелерінің дене мүшелеріне қатыстылары қол өлшемдеріне қатысты туған. Кейбірі ғана аяққа қатысты пайда болған. Мұндай дәстүрлі өлшемдердің көне қыпшақ тілінде болуы халқымыздың ұзақ уақыттық мәдени жалғастығын түсіндіре алады. Ескерткіш тілінде берілген дене мүше атаулары қазақ тілінде сақталып қана қоймай, салаға қатысты терминдік мағыналарға да ие болған.

Қай тілде болса да адам сипатына байланысты сөздер лексиканың белсенді қабатын құрайды. Ескерткіште адамның сипаты мен жеке қасиеттеріне байланысты сөздер жинақталған. Жалпы адам сипаты мәніндегі сөздерді ер адамға қатысты және әйел адамға қатысты деп іштей бөлуге болады. Мәмлүк қыпшақтары тілінде «är, erkäk» сөздері ер адам, еркек деген мағынада жұмсалған. Одан басқа еңбекке енген üiyit (жігіт), oğlan (ер жігіт), keñç oğlan (кіші бала), aғuz oğlan (бала) сөздері ер адамға қатысты айтылатын сөздер. Әйелдерге қатысты қолданылған бір топ сөзді атауға болады. Мысалы, kız (қыз), kız oğlan (қыз бала), ерсі (біреудің әйелі), tul ерсі (тұл әйел, жесір әйел), ayly, yüklü (жүкті әйел) сөздері мәмлүк қыпшақтары тілінде әйелдердің сипатын білдірген. Жеке адамның қасиеттеріне қатысты сөздерден «қазақ» сөзін ұшыратуға болады. Қазіргі таңдағы этноним саналатын бұл сөз басы бос, еркін адам мағыналарында қолданылған. Одан басқа, baştaқ (бойдақ, отбасы жоқ), құlaғuz (нұсқаушы), tıgraq (білімді, білікті), özdän (құрметті, сыйлы), tügmä (қу), oғrı (ұры) сөздері мәмлүк қыпшақтарында адамның сипатын білдіруде пайдаланылған. Осы топтағы сөздерді қазіргі қазақ тілінде сақталды деу қиын. Лексикалық топтың басым көпшілігі оғыз тілдер тобында сақталған.

Туыстық атаулар және әлеуметтік мәртебеге қатысты сөздер де ескерткіш мәтінінде кездеседі. Мәмлүктер тілінде де ата-ана мағынасын білдіретін сөздер – «ata-ana». Адамның туған ер бауырын «қarındaş» деп атаса, «қız қarındaş» деген сөз қыз бауырларына қатысты қолданылады. Қазіргі қазақ тілінде мағынасы тарылған. Мәмлүк қыпшақтары тілінде kälın (келін), küyägü (күйеу, күйеу бала), ınaқ (дос), қonşı (қоңсы), қonақ (қонақ), bılış (таныс, біліс), ögäy (өгей), öksüz (жетім) секілді туысқандық және өзара қарым-қатынасты көрсететін сөздер қолданылған. Қайын жұртқа қатысты туысқандық атауларының алдынан «қауın» сөзі қазіргі қазақ тіліндегідей айтылған. Атақ-дәреже мен әлеуметтік мәртебеге қатысты бірнеше сөздер қолданылған. Мысалы, ие, басшы мағынасында парсының «қоса» сөзі көрсетілген. Сөздікте құl (құл), қatun (ханым), қırnaқ (күң) мағынасындағы сөздер берілген. Бұл топтағы басым көп сөз қазіргі қазақ тілінде белсенді қолданылмағанымен, байырғы лексикадан орын алады.

Ескерткіште қыпшақтарға тән сан есімдер мен санау жүйесі де қамтылған. Сан есімдердің этимологиясы қазіргі қазақ тілі үшін маңызды тақырып. Сондықтан ескерткіштегі сан есімдер қолданысын талдау қажет. Түркі тілдерінде сан атаулары ертеден пайда болып, санау жүйесі қалыптасқан. Түркі тіліндегі сан есімдер нақты зат есімдерден

туындап, адамзаттың математикалық санға қажеттілігі негізінде қалыптасқан деген пікірге ғылымда қарама-қайшы пікірлер жоқ деуге болады [10, 20]. «Китаби-и межму-и тержуман-и турки ве ажеми ве мугали» ескерткішінде мәмлүк қыпшақтары тіліндегі сан есімдер сөздік үлгісінде берілгендіктен, аудармасымен ұсынылған. Сөздікте берілген қыпшақ сан есімдерінің қазіргі қазақ тілінен айырмашылық жасайды деп айту қиын, сан есімдер түбір күйінде сақталған.

Көне қыпшақ тілінде санды «sanamaq» деп атаса, есепті «sağış» сөзімен берген. Сөздікте bir (бір), yeki (екі), üç (үш), dört (төрт), beş (бес), altı (алты), yeti (жеті), sekiz (сегіз), toqız (тоғыз) тәрізді бірлік сан есімдері түгел қамтылған. Ондық сан есімдеріне келетін болсақ, on (он), yigirmi (жиырма), otuz (отыз), kırq (қырық), elli (елу), altmış (алпыс), yetmiş (жетпіс), seksen (сексен), toqsan (тоқсан) түрінде өсу реттілігімен ұсынылған. Қыпшақ тілінде жүздікті «yüz» сөзімен, мыңдықты «mıñ» сөзімен берген. Қолданыста санды қажеттілігіне қарай жүздік, мыңдықтың алдына бірліктерді қосып айтқан. Сан есімдерді тіркестіруінде қазіргі қазақ тілімен салыстырғанда қандайда бір айырмашылық жоқ деуге болады. Белгілі бір уақыттың, санның жартысын атауда қолданылатын «buşıq» сөзі де сөздікте берілген. Қазіргі қазақ тілінде сақталмаған. Бірақ оғыз тілдері тобынан кездестіруге болады. Дегенмен өзгеріссіз, түбір күйіндегі мағынасын сақтап, қазіргі қазақ тілінде қолданыста жүрген осы сан есімдер деуге болады. «Бір» саны барлық тілде өлшемнің басты бірлігі екені белгілі. Бір саны айтылған жерде зат бар, айтылмаған жерде зат жоқ яғни нөлге тең [11, 616]. Бұл санның қазақ тіліндегі өлшем жүйесінен алар орны ерекше. Ә. Қайдар қазақ тіліндегі қазан сүт, салым ет, тістем нан секілді сөздерді тіркестірсек мағынасының мәнсіз болатынын, ал оларға бір сөзін тіркеп бір қазан сүт, бір салым ет, бір тістем нан түрінде берсек, мұның барлығы өлшемдік мағынаға ие болатынын айтады [11, 616]. «Екі» саны тіркескен жағдайда сөздер тек санды ғана емес, сапалық мағынаны да беруге септегін тигізеді. Мысалы, «екі дегенім егеу», «екі қолға бір күрек» десек, екі сан есімі сапалық мағынаны білдіруге әсер етіп тұр. Сонымен қоса «үш» саны сандық мағынадан бөлек, астарлы, символдық, сакральдық мағыналарға ие сан есім. Қазіргі қазақ тілінде үш санының ұйытқы болуымен жасалған мақал-мәтел, тұрақты сөз тіркестері көп. Сол сияқты, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз сан есімдері қазіргі қазақ тілінде этнографиялық ақпаратқа, сапалық мағынаға, сакральді мәнге, ұлттық танымға ие. Ондық сан есімдері де қазақ тілінің тарихи лексикасына тән екендігі дәлелденіп отыр.

«Китаби-и межму-и тержуман-и турки ве ажеми ве мугали» еңбегінде уақыт өлшемдеріне қатысты да лексикалық топ қарастырылған. Бұл топтағы лексикалық бірліктерді де тіліміздің көне лексикасына тән деп қарауға болады. Ескерткіште қыпшақ тілінің уақыт мағынасын беруде қолданылатын сөз – «kerüt». Бұдан басқа қыпшақ тіліндегі уақыт атаулары қазіргі қазақ тіліндегі баламасымен сәйкеседі деуге болады. Ескерткіш тіліндегі күн (күн, бір күн), ау (ай), yıl (жыл), düş (түс), ақşam (кеш, ақшам), emdi (қазір), bu şān (қазір), tün (түн), күндüz (күндіз) тәрізді сөздер уақыт атауларын білдіреді. Мұнда айта кететін мәселе осы уақыт, ағымдағы ай мен осы жылды атауда «bu» – бұл сілтеу есімдігін қолданған. Мысалы, bu yıl – бұл жыл, bu ay – осы ай, bu keşä – осы түн, бүkün - бүгін сөздерін айтуға болады. Ғалымдардың пікірінше өте ертеден келе жатқан «о» және «бу» сілтеу есімдіктері заттардың аралық қарым-қатынасын білдіру ұстанымында жүйеленуі керек деп біледі [12, 31]. Лексикалық топ уақыт атаулары болғандықтан өткен және келер шақ атауларын бөле қарауымыз керек. Мысалы, biltır (былтыр, өткен жыл), keşkän ay (өткен ай), tün күн (кешегі күн), esrägü күн (бір күн

бұрын, алдыңғы күн) сияқты сөздер өткен шақтық мағынада жұмсалған. Келер шақтық мағынадағы атаулар да біршама кездеседі. Сөздікте ұсынылған *kelgän yıl, kelesäk yıl* – (келер жыл), *kelgän ay* (келесі ай), *yağın* (ертең), *birsi күн* (арғы күн, ертеңнен кейін) сөздері келер шаққа қатысты атаулар болып табылады.

Сөздікте жабайы аңдар мен жануарларға қатысты сөздер берілген. Мәмлүк қыпшақтары тілінде жабайы аңдардың жалпы атауы – «*keyik*». Жыртқыш аңдар қатарында *aslan* (арыстан), *qarlan* (жолбарыс), *sırtlan* – (сырттан, гиена), *bögü* (қасқыр), *tülkü* (түлкі), *bölçek* (қасқырдың бөлтірігі), *bars* (барыс) сөздерді ескерткіштен көруге болады. Осының ішінде *qurt* (қасқыр) түрікмен диалектісі кездеседі. Еңбекте бұдан басқа дала мен орманда, тау-таста тіршілік ететін *ilik* (елік), *sağın* (бұғы), *qulan* (құлан), *ayraq* (тауешкі), *toғuz, çoққа* (тоңыз, шошқа) *teyін* (тиін) тәрізді жан-жануарлардың атаулары енгізілген. Сонымен бірге берілген бір топ атауды үй жануарлары деуге болады. Олардың қатарында *it* (ит), *körek it* (аула иті), *қаңсіқ* (ұрғашы ит, қаншық), *küçük* (күшік), *тасі* (мысық) сияқты атаулар жатады.

Еңбекте түр-түс атауларының қамтылуы өзгеше көрініс береді. Мәмлүктер тілінде түр-түстің жалпы атауын білдіретін сөз – «*boya*». Еңбекте *aқ, қара, қызыл, сары, көк, жасыл* сөздері түс атаулары ретінде көрсетілген. Басқа да түс атауларын жануарларға қатысты рең атаулары ретінде көреміз. Мысалы бір топ түс атаулары жылқы реңін беруде актив қолданылып, сол топтағы лексикалық бірліктерге қосылып кеткен. Олардан *boz* (боз, көк-сұр), *al* (қызыл), *toru, doru* (торы), *қара* (қара), *yaғız* (қара қоңыр), *saru* (сары), *құла* (құла), *шұбар* (шұбар) және тағы басқа сөздерді атауға болады. Түс атаулары қазақ тілінің байырғы лексикасын құрап, қазіргі таңда өзгеріссіз сақталып отыр. Қазақ халқында да малды түстеп тануға және ерекшелігін анықтай сөйлеуге бейім болған. Түстеуден жылқы төлінің ерекше орын алғаны да белгілі. Бұл дәстүрдің мүмлүк қыпшақтарымен байланысты екенін ескерткіш қолданысындағы сөздер дәлелдейді. Тарихи тұрғыдан мағынасы қалыптасқан түс атаулары астарлы мәнге ие. Мысалы, «көк» сөзін алсақ, аспанды, өсіп-өніп жасқан жер бетіндегі өсімдік әлемін, суды да атауда қатар қолданылған [13, 291]. Кейіннен бұл түс қазақ тарихында этномәдени мәнге, тотемдік рәмізге септескенін білеміз.

Түр-түс атаулары тақырыбында назар аударатынымыз күшейткіш буындар болмақ. Еңбекте күшейтпелі шырай ерекше қолданыс тапқан. Оларға *ар-ақ, қар-қара, қыр-қызыл, сар-сару, көн-көк, уам-уағыл* (аппақ, қап-қара, қып-қызыл, сап-сары, көкпенбек, жап-жасыл) сияқты күшейткіш буынды рең атауларын жатқызуға болады. Қыпшақ тіліндегі грамматикалық категориялардың қазіргі қазақ тілімен салыстырғанда өзіндік ерекшеліктері бар. Алайда, лексикалық қор тұрғысынан ол қазіргі қазақ тіліне жақын [14, 219]. Осы мысалдардан күшейтпелі шырайдың қалыптасуы ертеден басталғанын түсінеміз.

Қорытынды

«Китаби-и межму-и тержуман-и турки ве ажеми ве мугали» еңбегі орта ғасырлардағы мәмлүк қыпшақтарының лексикасын таныта алатын негізгі еңбек деп тануға толық негіз бар. Мұндай еңбектердің бір бөлігі сақталмаған. Сақталған жазба мұралардың мәтіндері мен типтері әртүрлі. Оларды жинақтау, дәуірлеу қыпшақтанудың негізгі міндеті болып тұр. Табылған еңбектер қазақ тіліне аударылмай және тілдік тұрғыдан

толық зерттелмей келеді. Осы мәселелерді ескере отырып, біз мәмлүк қыпшақтары жазба ескерткіштері негізінде мәмлүк қыпшақтары тілінің сөздігін жасауды ұсынамыз.

Жоғарыдағыталданғанмысалдарнегізіндежалпымәмлүкқыпшақтарылексикасының қазіргі қазақ тіліне қатысына қарай бірнеше топтарды ажыратуға болады. Олар: 1) қазіргі қазақ тілінде сақталған сөздер; 2) қазіргі қазақ тілінде сақталмаған сөздер; 3) өзгеріске түсе отырып сақталған сөздер. Тілдің тарихи дамуында өзгеріске түсу негізінде сақталған сөздердегі өзгерістерді екі топта қарауға болады. Олар: 1) фонетикалық өзгеріс негізінде сақталған сөздер; 2) семантикалық өзгеріс негізінде сақталған сөздер;

Мәмлүктік қыпшақ жазба ескерткіштері тілінің зерттелуі қазіргі қазақ тілінің қыпшақтық қабатын толық зерттеуге мүмкіндік береді. Осының негізінде қазақ тілінің сөздік қоры жөнінде нақты пікірлер беруге болады. Кейбір лексикалық топтардың этимологиясын тануға да мүмкіндік береді. Қазіргі қазақ тілінің лексикалық қорын мәмлүктік қыпшақтардың тілінде болған бірліктермен толықтыру мүмкіндігі де бар. Осы себептерге байланысты мәмлүк қыпшақтары мұраларының тіл білімінде зерттелуі маңызды саналады.

Қаржыландыру. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен АР19679974 «Мәмлүк қыпшақтары жазба ескерткіштерінің тілі» атты гранттық жобасы аясында дайындалды.

Авторлардың қосқан үлесі:

Шалғынбай Н.Қ. – мақаланың тұжырымдамасына, мақала тақырыбына қатысты материалдарды оқып, ғылыми еңбектерді зерделеуге, мақаланың рәсімделуіне өз үлесін қосты;

Бегимова Г.А. – мақала материалдарын саралап, талдау жасауға пайдалы деректер жинақтауға ат салысты;

Оразбек М. – мақала материалдарын саралап, талдау жасауға пайдалы деректер жинақтауға ат салысты.

Әдебиеттер тізімі

1. Айдаров, Ғ., Құрышжанов, Ә., Томанов, М. (1971) Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Алматы: «Мектеп», 276 б.
2. Боранбаев, С. (2005) «Түрік және қыпшақ тілінің туыстығы туралы жинақ» жазба ескерткішінің тілі (XIII-XV ғғ.). Шымкент, 177 б.
3. Қайдар, Ә., Оразов, М. (2004) Түркітануға кіріспе. Алматы: «Арыс», 360 б.
4. Гаркавец, А.Н. (2019) Китаб-и Маджму-и Тарджуман-и Турки ва Аджами ва Мугали ва Фарси. «Сводная книга переводчика по-тюркски, и по-персидски, и по-монгольски, и на фарси» Халила бин Мухаммада бин Йусуфа ал-Кунави / При участии О. О. Туякбаева. Алматы: «Баур», 600 с.
5. Қайдар, Ә. (2009) Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. Т:1. Алматы: «Дайк-Пресс», 784 б.
6. Қалыбаева, А., Оралбаева, Н. (1986) Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі. Алматы: «Ғылым», 192 б.
7. Қазақтың этнографиялық категориялар (2012), ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Т:3. Алматы: «РПҚ Слон DPS», 736 б.
8. Қазақ әдеби тілінің сөздігі (2011). Т:1. Алматы, 752 б.

9. Ысқақов, А., Сыздықова, Р., Сарыбаев, Ш. (1966) Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Алматы: «Ғылым», 240 б.
10. Оралбаева, Н. (1988) Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасам жүйесі. Алматы: «Ғылым», 104 б.
11. Қайдар, Ә. (2013) Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. Т:2. Алматы: «Сардар», 728 б.
12. Ибатов, А. (1961) Қазақ тіліндегі есімдіктер. Алматы, 63 б.
13. Қазақтың этнографиялық категориялар (2017), ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Т:3. Алматы: «Алем Даму Интеграция», 856 б.
14. Кенжалин, К.К., Бегимова, Г.А., Құлжанова, Б.Р. (2022) «Мәмлүк қыпшақтары мәтіндерінде өсімдік атауларының берілуі («Китаб-и межму-и тержуман-и турки ве ажеми ве мугали» еңбегі негізінде)», Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық Университетінің Хабаршысы. Саяси ғылымдар. Аймақтану. Шығыстану. Түркология сериясы, 4 (141), бб. 217-223. DOI:<https://doi.org/10.32523/2616-6887/2022-141-4-217-224>

Н.К. Шалғынбай, Г.А. Бегимова, М. Оразбек

*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
(E-mail: shalgynbai_nurbek@list.ru, gukjik_76@mail.ru, makpal_zere@mail.ru)*

**Современное казахское использование мамлюкской кыпчакской лексики
(на основе работы «Китаб-и межму-и тержуман-и турки ве ажеми ве мугали»)**

Аннотация. В настоящее время в области тюркологии проводится большое количество исследований, касающихся кыпчакского языка. Одной из причин этого является то, что письменные памятники, относящиеся к кыпчакскому языку, не найдены и не исследованы. Кыпчакские письменные памятники распространились по разным географическим территориям с надписями разных стран. Кыпчакский язык служил международным языком в Средние века. Группа памятников кыпчакской письменности относится к мамлюкским кыпчакам. Они были написаны в основном арабскими буквами и предназначались в основном для коренных народов Египта и Сирии. Среди таких письменных памятников были словари, грамматические справочники, учебные пособия. Причина их подписки заключалась в том, чтобы научить местное население кыпчакскому языку. Приобретение политической власти мамлюками в государстве создало потребность в кыпчакском языке. По необходимости были написаны связанные работы. Одна из их групп пропала, некоторые остались и до нас дошли. В настоящее время одну группу тюркских языков составляют кыпчакские языки. Разделение кыпчакских народов на нации также привело к появлению нескольких национальных языков. Коренная лексика современного казахского языка состоит из нескольких слоев. Словарный запас кыпчакского языка составляет основу современного казахского языка. Его изучение описывает историю развития современного казахского языка. Кроме того, язык памятников, относящихся к кыпчакскому языку средневековья, ещё не был полностью изучен. Их введение в научный оборот осуществляется с опозданием. В настоящее время указанные исторические тексты привлекают внимание своей ценностью и неизвестными тайнами. Исторические памятники мамлюкской кыпчакской письменности имеют важное значение с точки зрения современного казахского языка.

Ключевые слова: кыпчаковедение, кыпчакский язык, памятники мамлюкской кыпчакской письменности, современный казахский язык, лексика.

N.K. Shalgynbay, G.A. Begimova, M. Orazbek

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

(E-mail: shalgynbai_nurbek@list.ru, gukjik_76@mail.ru, makpal_zere@mail.ru)

The Use of Mamluk Kipchak Vocabulary in Modern Kazakh Language (Based on the Work «Kitab-i Majmu-i Turjuman-i Turki wa Ajami wa Mughali»)

Abstract. Currently, research on the Kipchak language has begun to be carried out in the field of Turkology. One of the reasons is that written monuments related to the Kipchak language are not found and studied. Monuments of Kipchak writing spread in different geographical territories with inscriptions from different countries. Kipchak served as an international language in the Middle Ages. A group of Kipchak written monuments refers to the Mamluk Kipchaks. They were written mainly in Arabic letters and were intended mainly for the local peoples of the lands of Egypt and Syria. Among the monuments of such writing were dictionaries, grammatical reference books, teaching aids. The reason for their writing was to teach the Kipchak language to the local population. The possession of political power by the Mamluk Kipchaks in the state created a need for the Kipchak language. In need, related works were written. A group of them disappeared, some of them were saved and reached us. Currently, one of the groups of Turkic languages is the Kipchak languages. The division of the Kipchak peoples into nationalities also led to the emergence of several national languages. The indigenous vocabulary of the modern Kazakh language consists of several layers. The vocabulary of the Kipchak language is a layer that forms the basis of the modern Kazakh language. Its study describes the historical development of the modern Kazakh language. In addition, the language of the monuments related to the Kipchak language of the Middle Ages has not been fully studied. Their introduction into academic circulation has been delayed. Today, these historical texts attract attention due to their value and the mysteries they still hold. Historical monuments of the Mamluks Kipchak script are considered to be of great research importance from the point of view of the modern Kazakh language.

Keywords: Kipchak studies, Kipchak language, Mamluk Kipchak written monuments, modern Kazakh language, vocabulary.

References

1. Ajdarov, G., Kyrshzhanov, A., Tomanov, M. (1971) Kone tyrki zhazba eskertkisherinin tili. Almaty: «Mektep», 276 b. [in Kazakh]
2. Boranbaev, S. (2005) «Tyrik zhane kypshak tilinin tuystygy turaly zhinak» zhazba eskertkishinin tili (XIII-XV gg.). Shymkent, 177 b. [in Kazakh]
3. Kajdar, A., Orazov, M. (2004) Tyrkitanuga kirispe. Almaty: «Arys», 360 b. [in Kazakh]
4. Garkavec, A.N. (2019) Kitab-i Madzhmu-i Tardzhuman-i Turki va Adzhami va Mugali va Farsi. «Svodnaya kniga perevodchika po-tjurkski, i po-persidski, i po-mongol'ski, i na farsi» Halila bin Muhammada bin Jusufa al-Kunavi / Pri uchastii O. O. Tujakbaeva. Almaty: «Baur», 600 s. [in Kazakh]
5. Kajdar, A. (2009) Kazaktar ana tili aleminde: jetnolingvistikalık sozdik. T:1. Almaty: «Dajk-Press», 784 b. [in Kazakh]
6. Kalybaeva, A., Oralbaeva, N. (1986) Kazirgi kazak tilinin morfemalar zhyjesi. Almaty: «Gylym», 192 b. [in Kazakh]
7. Kazaktyn jetnografialyn kategorijalar (2012), ygymdar men ataularynyn dastyrlı zhyjesi. T:3. Almaty: «RPK Slon DPS», 736 b. [in Kazakh]

8. Kazak adebi tilinin sozdigi (2011). T:1. Almaty, 752 b. [in Kazakh]
9. Yskakov, A., Syzdykova, R., Sarybaev, Sh. (1966) Kazak tilinin kyskasha jetimologijalyk sozdigi. Almaty: «Gylym», 240 b. [in Kazakh]
10. Oralbaeva, N. (1988) Kazirgi kazak tilindegi san esimnin sozzhasam zhyjesi. Almaty: «Gylym», 104 b. [in Kazakh]
11. Kajdar, A. (2013) Kazaktar ana tili aleminde: jetnolingvistikalyk sozdik. T:2. Almaty: «Sardar», 728 b. [in Kazakh]
12. Ibatov, A. (1961) Kazak tilindegi esimdikter. Almaty, 63 b. [in Kazakh]
13. Kazaktyn jetnografyalyk kategoriyalar (2017), ygymdar men ataularynyn dastyrlı zhyjesi. T:3. Almaty: «Alem Damu Integraciya», 856 b. [in Kazakh]
14. Kenzhalin, K.K., Begimova, G.A., Kyzhanova, B.R. (2022) «Mamlyk kypshaktary matinderinde esimdik ataularynyn berilui («Kitab-i mezhmu-i terzhuman-i turki ve azhemi ve mugali» eñbegi negizinde)», L.N. Gumilev atyndagy Euraziya ылтык Universitetinin Habarshysy. Sayasi gylymdar. Ajmaktan. Shygystanu. Tyrkologiya seriyasy, 4 (141), bb. 217-223. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2022-141-4-217-224>. [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Шалғынбай Н.Қ. – PhD докторант, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Бегимова Г.А. – хат-хабарға жауапты автор, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Оразбек М. – филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Шалғынбай Н.К. – PhD докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Бегимова Г.А. – автор для корреспонденции, кандидат филологических наук, доцент, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Оразбек М. – доктор филологических наук, профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Shalgynbay N.K. – PhD doctoral student, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Begimova G.A. – corresponding author, Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Orazbek M. – Doctor of Philology, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).